



# 75

# ЖЫЛ

Құрметті Сәлима Сагиқызы!

Алматы энергетика және байланыс университетінің үжымы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті басшылығын, университет үжымы мен студенттер қауымын 75 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттықтайды!

Сонау сұрапыл соғыс жылдарында ұлттымыздың зиялы қауымы тарапынан қолдау тауып, тамыры бекіген университетіңіз бүгінгі күнде көркейіп, озық та инновациялық технологиялар мен білікті қызметкерлердің ерен еңбегінің арқасында жаңару үстіндегі білім ордасына айналып, дамуын жалғастыруда.

Бүгінгі күнде Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жоғары дәрежелі жас мамандарды даярлауда және үздік академиялық мектеп құруда еліміздегі жоғары оқу орындарының алдыңғы шебінде келеді.


Ғылыми дәрежесі шыңға шырқаган ғалымдарыңыз берілікті оқытушыларыңыздың арқасында Сіздің білім ордаңыз әлемнің көптеген дамыған мемлекеттерінің елшіліктерімен, жоғары оқу орындары және білім беру орталықтарымен берік ынтымақтастық қатынас құрып, өз абыройы мен беделін шартарапқа тарату жолында жемісті еңбек атқаруда.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің бәсекеге қабілетті бітірушілері заманауи қоғамның барлық саласында жемісті қызмет етіп жүргені баршага мәлім. Университет түлектері өздерінің сапалы білімімен көзге түсуде: ұдайы жаңаның жаршысы болуда, мемлекеттік, халықаралық ұйымдарда, кәсіпкерлік мекемелерде және білім беру саласында жетекші лауазымдарды иеленіп, еліміздің өркендеуіне өз улестерін қосуда.

Университетке табысты да мақсатты дамуды, дәстүр жалғастығын, абырой-беделі мен мәртебе-мерейінің асқақтай түсуін, қызметкерлеріне зор денсаулық, рухани күш-қуат, шыгармашылық белсенділік және табысты еңбек тілейміз! Алар асуларыңыз берілестеріңіз көп болсын!

Ізгі ниетпен,

Алматы энергетика және байланыс  
университетінің ректоры, профессор,  
ХАА академигі

 С. Сагинтаева